

3D Glasses

Нұсқаулықтар

TDG-BR750

© 2012 Sony Corporation

Анықтау белгісінің орны

Үлгі № белгілері, Өнім Мерзімі (ай/жыл) және Қуат Қамтамасыз ету мөлшері (қолданылатын қауіпсіздік ережелеріне сәйкес) теледидардың артқы жағында орналасқан немесе орамда берілген.



Пайдаланылған қоректену элементтерін залалсыз жою (қалдықтарды бөлек жинау жүйелері жұмыс істейтін Еуроодақ елдерінде және басқа еуропа елдерінде қолданылады)

Бұл белгі құрылғымен бірге жеткізілетін қоректену элементін басқа тұрмыстық қалдықтармен бірге залалсыз жоюға болмайтынын білдіреді.

3D көзілдірігін тастау



Қызмет мерзімі біткен электр және электрондық жабдықты залалсыз жою (бағыттама қалдықтарды бөлек жинау жүйелері жұмыс істейтін Еуроодақ және басқа еуропа елдерінде қолданылады)

Құрылғыдағы немесе оның орамындағы бұл белгі

бұл құрылғыны басқа тұрмыстық қалдықтармен бірге залалсыз жоюға болмайтынын білдіреді.

Сони Оверсиз С.А.

Представительство в Казахстане
050059 Алматы, улица Иванилова, д. 58
050059 Алматы қаласы, Иванилов көшесі, 58 үй

Абайлаңыз

Осы қауіпсіздік нұсқаулықтарын жеке қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету үшін және меншікке зиян келуін алдын алу үшін оқыңыз.

Абайлаңыз

- 3D көзілдіріктерін оттың үстіне қоймаңыз.
- 3D көзілдіріктерін бөлшектеп тастамаңыз.
- 3D көз әйнектерін ашық от көзінің жанында немесе температурасы жоғары болған жерлерде, мысалы, тікелей күн сәулесі астында немесе күнге қызып тұрған көлік ішінде, қолданбаңыз, қуаттамаңыз және қалдырмаңыз.
- Тек қамтамасыз етілген USB кабельдерін пайдаланыңыз.
- 3D көзілдіріктерін Sony 3D теледидарынан немесе ұсынылған USB зарядтаушы айнымалы ток қуатының адаптерінен басқа еш нәрсемен зарядтамаңыз.
- 3D сәйкес келетін Sony құралдары туралы қосымша ақпарат алу үшін құралмен жеткізілген жұмыс істеу нұсқаулықтарын қараңыз.
- 3D көзілдіріктеріне су немесе бөтен заттардың енбеуін қадағалаңыз.

Пайдаланудағы сақтық шаралар

- 3D көзілдіріктері 3D Sync таратушыдан инфрақызыл сәулелерін қабылдау арқылы жұмыс істейді.
Төмендегі жағдайларда жұмыс істемеуі мүмкін.
– 3D көзілдіріктері 3D Sync таратушымен байланыспағанда
– Объектілер 3D көзілдіріктері мен 3D Sync таратушы арасындағы жолды блоктаған кезде
– Инфрақызыл диапазоны арасындағы басқа байланыс құралдарының немесе жарықтандыру құралдарының, тұрғын үйдің жылу беру аппаратураның, т.б. жанында болса, олар оның қызметіне әсер етуі мүмкін.
- 3D көз әйнегін пайдаланған кезде теледидарға тура қарап отыру керек.
- 3D әсері тиімді емес және жатқанда немесе басты қисайтқанда, экранның түсі ауысады.

Қауіпсіздік техника ережелері

- Осы өнімді тек 3D бейне кескіндерін сәйкес келетін Sony теледидарында көру үшін пайдалану қажет.
- Осы өнімді пайдалануда кейбір адамдар ыңғайсыздық (мысалы, көзге ауырталық түсу, шаршау немесе жүрек айнушылық) сезінуі мүмкін. Sony корпорациясы 3D бейне кескіндерін көру кезінде немесе стереоскопиялық 3D ойындарын ойнау кезінде барлық көрермендердің уақытылы түрде үзілістер жасап тұруын ұсынады. Қажетті үзілістердің ұзақтығы мен қайталануы адамға байланысты түрлі болады. Қайсысы жақсы жұмыс істейтінін сіз шешу қажетсіз. Кез келген ыңғайсыздықты сезінсеңіз, осы өнімді пайдалануды және 3D бейне кескіндерін көруді ыңғайсыздықтың сезілгені кеткенше тоқтата тұру қажет; қажет болған кезде дәрігерге қаралыңыз. (i) Теледидардың, теледидармен бірге пайдаланылатын кез келген басқа құрал немесе мультимедианың нұсқаулығын және (ii) соңғы ақпаратты алу үшін біздің веб-сайты да (<http://www.sony-europe.com/myproduct>) шолу қажет. Балалардың (көбінесе алты жасқа толмағандардың) көру қабілеті әлі даму үстінде. Балаларға 3D бейне кескіндерін көруге немесе стереоскопиялық 3D ойындарын ойнауға рұқсат берер алдында (педиатр немесе көз дәрігері сияқты) дәрігерге қаралыңыз. Үлкендер балалардың жоғарыда айтылған ұсыныстарды орындауын көз жеткізу үшін оларды қадағалауы қажет.
- 3D көзілдіріктерін құлатып алмаңыз немесе өзгертпеңіз.
- 3D көзілдіріктері сынған болса, сынған бөліктерді ауыздан немесе көзден алыс ұстаңыз.
- Көзілдіріктің имек тұтқалары ұшының көзге зақым келтіруін болдырмаңыз.
- Имек тұтқалар қолға, саусаққа немесе құлаққа тисе, теріге зақым келтіруі мүмкін. Бұл өнімді аса мұқият пайдаланыңыз.
- Ілмектерді бүккен кезде саусақтарыңызды қысып алмауға абай болыңыз.
- Байқамай жұтып қоюды болдырмау үшін бұл өнімді балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- 3D көзілдірікті қолданған кезде, сынып кетуі мүмкіндігіне байланысты әйнектерін қатты баспаңыз.

Көзілдірікке күтім жасау

- Көзілдірікті жұмсақ матамен ақырын сүртіңіз.
- Дақтар жұмсақ сабынмен және жылы сумен сәл суланған матамен кетуі мүмкін.
- Химиямен өңделген матаны пайдалансаңыз, қораппен жеткізілген нұсқаулықтарды орындаңыз.
- Тазалау үшін еріткіш, алкоголь немесе бензин сияқты күшті еріткіштерді ешқашан пайдаланбаңыз.


Техникалық сипаттамалар

Салмағы (г)	34
Батарея түрі	Никель гидридті қайта зарядталатын батарея
Жұмыс істеу уақыты (шамамен) (сағат)	15
Зарядтау уақыты (шамамен) (минут)	40
Өлшемдері (шамамен) (ені × биіктігі × жуандығы) (мм)	(теледидардың USB терминалынан зарядтаған жағдайда) 141 × 36 × 166
Жұмыс істеу температурасы (°C)	0 ~ 40
Қосымша құралдар	USB зарядтаушы айнымалы ток қуатының адаптері AC-U50AG*

* Кейбір аймақтарда қол жетімсіз.

Дизайны мен ерекшеліктері ескертусіз өзгертіледі.

Бөлшектері мен компоненттері



1 IR сенсоры

Қабылданатын IR (инфрақызыл сәулелерінің) сигналдары 3D Sync таратушының алдынан шығады. Инфрақызыл сәулесінің ену бұрышы ортаның қашықтығы және/немесе пайдаланылуына қарай түрлі болады.

Ескерту

IR сенсорын таза ұстаңыз.

2 Жарық диодының индикаторы

Жұмыс істеу кезінде индикатор жасыл болып жанады.

- Әр 2 секунд сайын бір рет жыпылықтайды: Батарея жұмысы
- Әр 3 секунд сайын үш рет жыпылықтайды: Батареяның қуаты төмен - Батареяны зарядтаңыз

Зарядталу кезінде жарық диодының индикаторы сары болып жанады. (Зарядталу аяқталғанда, индикаторы өшеді.)

Ескерту

Жұмыс істеу кезінде индикатор жасыл болып жанады және батарея зарядталмайды.

3 Қуат түймесі


Қосу: Бір рет басыңыз

Өшіру: Қуат түймесін 2 секунд төмен басып тұрыңыз (жарық диоды үш рет жыпылықтайды және өшеді)

* Қуаттың автоматты түрде өшуі: R сигналыңыз 5 минуттан астам


4 Мұрын төсеніші

Берілген мұрын төсенішінің тиісті өлшемін мұрныңыздың пішіміне қарай таңдаңыз.



5 Реттегіш

Имек жиіктерін ең қолайлы күйге жылжытыңыз.



6 Зарядтауға арналған жалғағыш

Батареяны зарядтаңыз.

3D көзілдірігін қоқысқа тастау

- Батарея бұл өнімге кірістірілген.
- Батареяларды қоршаған ортаға зиян келтірмейтін түрде тастаңыз. Кейбір аймақтарда батареяларды қоқысқа тастау реттелген болуы мүмкін. Жергілікті басқарушы органмен кеңесіңіз.

Батареяны зарядтау


Батареяның бұзылуына жол бермеу үшін, оны әр жарты жылда немесе жылына кем дегенде бір рет қуаттаңыз.

- 1 3D көзілдірігін өшіріңіз.
- 2 Теледидарды қосыңыз.

Ескерту

Теледидар күту режимінде болғанда, осы өнім зарядталмайды.

- 3 3D көзілдірігін және теледидарды ұсынылған USB кабелімен қосыңыз.



- Осы өнімді және теледидарды USB кабелімен қосқан кезде, осы өнім зарядтала бастайды. (Зарядталу кезінде жарық диодының индикаторы сары болып жанады.)
- Батареяны зарядтау кезінде осы өнімді қоссаңыз, зарядталу аяқталады. (Жұмыс істеу кезінде индикатор жасыл болып жанады.)
- 3D көзілдірігін теледидар немесе USB зарядтаушы айнымалы ток қуатының адаптері AC-U50AG (ұсынылмаған) арқылы зарядтауға болады.

Ақауларды жою

Ақау шыққан кезде, теледидардың нұсқаулығын қараңыз.